
ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ПРАКТИКАСЫ ПРАКТИКА ДИПЛОМАТИЧЕСКОЙ СЛУЖБЫ PRACTICE OF DIPLOMATIC SERVICE

УДК 327

А. Ю. Волков,
Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің орынбасары

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ РЕФОРМАЛАР ТҰРҒЫСЫНАН

Қазақстан Республикасы, қалыптасқан мемлекет ретінде, постсоциалистік қоғамның дәйекті және бәрін қамтитын жаңғыруының үлгісін әлемдік қоғамдастыққа сендіре көрсетуде. Тарихи тұрғыдан алғанда, қысқа мерзім ішінде ғасырларға тең жол жүрілді, Қазақстан әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кірді және алдына әлемдік «дәрежелер тізімдігінің» отыздығына ену жөнінде елеулі мақсат қояды. Біздің еліміз құқығы бойынша ядролық қарусыздану саласында танылған көшбасшыға, мәдениеттер, діндер мен өркениеттер диалогының белсенді модераторына айналды.

Ақылмен ойластырылған стратегия және іс-қимыл тактикасы, көшбасшының саяси ерік-жігері, ресурстар, қолайлы сыртқы орта мен халықтың қолдауы болған жағдайда, қандай болмасын күрделі міндетті орындауға болады. «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде және өзінің сайлау алды бағдарламасында дамудың жаңа кезеңіне логикалық тұрғыда салыстыра тексерілген институционалдық реформалар бағдарламасын ұсынған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа деген халықтың қалтқысыз сенімі, сондай-ақ ұлттық мүдделерді прагматикалық қорғау қағидаларымен күшейтілген, өзінің тиімділігін дәлелдеген, елдің теңдестірілген және көпвекторлы сыртқы саясаты осының кепілі.

Мемлекеттілігімізді нығайту үшін Елбасы экономикалық бағдарламаларды сапалы іске асыруды және мемлекеттік қызметтерді ұсынуды қамтамасыз ететін заманауи, кәсіби және дербес мемлекеттік аппарат қалыптастыруды жүйе құрушы реформа ретінде айқындап берді. Заңның ұлықтығына қол жеткізу мақсаты тұрғысынан келгенде, отандық қана емес, сондай-ақ шетелдік инвесторлардың да сеніміне ие болу қазақстандық сот төрелігі үшін маңызды екенін атап өткен жөн. Бұл шетелдік және халықаралық соттардың үздік стандарттарына бейімделе отырып, шетелдік судьяларды инвестициялық дауларды қарауға тартуды талап етеді. Индустрияландыру саласында сыртқы саяси аспект экономикамыздың әлемдік шаруашылық байланыстарға тартылуының кеңеюін білдіреді. Мәселелердің келесі тобы жалпықазақстандық үйіміздегі тұрақтылық пен келісімнің дербес моделінің дамуымен байланысты. Және, сайып келгенде, дипломатиялық қызмет транспаренттілік пен есеп беретін мемлекет құру міндетінен шет қалмайды.

Айтылған мәселелер Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ғылыми-талдау журналының мемлекеттік және дипломатиялық қызметті жаңғырту тақырыптарына арналған кезекті нөмірінде көтерілгендіктен, оған қатысты өзімнің жалпылама ой-пікірімді білдіргім келеді.

Ең алдымен, дипломатиялық қызметкерлердің барлығы ұлттық жаңғыртудың жетістігі көбінесе олардың кәсіби қызметіне тікелей тәуелді екенін анық түсінуі тиіс. Бұл «Қазақстан-2050» стратегиясын табысты іске асыру үшін барлық қолайлы сыртқы жағдайлардың жасалуын – сыртқы әлеммен бейбіт іс-қимылға қол жеткізуді және ұлттық қауіпсіздікті нық қамтамасыз етуді, шетелдік инвесторлардың жұмыс жасауына және елдің сыртқы экономикалық қызметін іске асыруға қолайлы жағдай жасауды, Қазақстанның және шет елдердегі азаматтарымыздың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғауды білдіреді. Және де, бұл Қазақстан Республикасы мен оның көшбасшысының халықаралық беделінің одан әрі нығаюына әсерін тигізеді.

Сыртқы істер министрлігі және бес континенттің 65 еліндегі дипломатиялық өкілдіктер біздің Отанымызда институционалдық реформалардың барысына жәрдемдесу үшін пайдаланылмай жүрген резервтерді тағы бір рет терең ойланып талдауы, мемлекеттік органдар мен бизнес-қоғамдастық үшін шетелдік тәжірибені сыни тұрғыда қайта пысықтауға негізделетін нақты практикалық ұсынымдар әзірлеуі және ұсынуы қажет.

Қоғам заң шығарушы және сот билігі тармақтарынан Мемлекет басшысының дискурсында белгіленген жұмысқа деген жаңа көзқарастар күтуде. Ұлттық мүдделерден бас тартпай, ашық және әлемдік практикада қолданылған инвестициялық дауларды шешу схемасын жұрт алдында талқылауды халықаралық құқық пен инвестициялар саласындағы мамандарға ұсыну қажет деп санаймын.

Отандық дипломатияның ең маңызды басымдықтарының бірі – азаматтардың жиынтығы және әр қазақстандықты жеке алғанда қоғамдық қажеттіліктермен қамтамасыз ету болып табылады. Осыған орай, қоғаммен диалогқа, үшінші сектормен іс-қимыл жасауға ашық бола отырып, министрлік өз қызметінде басталған транспаренттілікті қамтамасыз ету беталысын жалғастырады. Министрлік пен шет елдегі мекемелердің жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызметтердің 11 түрін ұсыну үдерісі мұқият бақылауда болады. Бәлкім, дәл осы үшін консулдық қызметтердің және олардың бірінші басшыларының қызмет сапасына деген жауапкершіліктерін күшейту, мемлекеттік қызметтерді алушылармен кері байланыстың әсерлі арналарын орнату жөн болатын шығар.

Институционалдық реформаларды, әсіресе шетелдік аудиторияны, ақпараттық сүйемелдеуде CIM Халықаралық ақпарат комитеті маңызды рөл атқаруы тиіс.

Менің пікірімше, Министрлік жұмысындағы негізгі басымдық кадр менеджменті болып табылады. Оның негізінде кадр іріктеу мен ілгерілетудегі меритократия, мемлекеттік қызметшілердің тиісті құзыреттерін қалыптастыру, қызметтің осы саласы үшін дарынды және зерек адамдарды табу қағидаттары бар. Мұнда тиісті мансаптық жоспарлауды, тәртіптік және этикалық бақылауды қамтамасыз ету маңызды.

Мемлекеттік қызметші-дипломаттардың адами әлеуетін сапалы жақсарту – біздің Министрлік тұрақты және пәрменді жәрдем көрсетіп отырған Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Дипломатия институты ұжымының күш-жігеріне тікелей тәуелді. Институттың халықаралық қатынастар саласында жемісті еңбек етіп жатқан көптеген түлектері Қазақстанның дипломатиялық қызметкерлері болып табылады. Дипломатия институты әлі де ұзақ жылдар бойы дипломатиялық тренинг арқылы тұлғаның интеллектуалды даму қажеттілігін қанағаттандыра отырып, қызметкерлерімізге мансап жолында қолдау көрсете береді деп үміттенемін.

DIPLOMATIC SERVICE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN THE LIGHT OF INSTITUTIONAL REFORM

Republic of Kazakhstan, as an established state, convincingly demonstrates the international community an example of coherent and comprehensive modernisation of post socialist society. In shortest, from the historical perspective, period of time Kazakhstan has gone through the path that is equal to centuries. Today, Kazakhstan is among the 50 most competitive countries of the world and sets an ambitious goal of becoming of the world's thirty countries listed in the 'table of rankings'. Our country is an acknowledged leader in nuclear disarmament process and an active moderator of a dialogue between cultures, religions and civilizations.

It is possible to complete any task given that there is a sound strategy, political will of the leadership, resources, favorable external environment and support of the people. Luckily for Kazakhstan, all abovementioned ingredients for successes are there. The unprecedented trust and confidence of nation to the First President of the Republic of Kazakhstan – the Leader of the Nation Nursultan Nazarbayev clearly speaks for itself. Indeed, at such a crucial stage of development, President Nursultan Nazarbayev put forward a logically verified institutional

reform at the 21st Congress of 'Nur Otan' party and in his election program. These initiatives, alongside with a balanced and multi-vector foreign policy further strengthened by the principles of pragmatic pursuit of national interests play a major role in achieving our goals.

To strengthen our statehood, Elbasi encouraged for development of a modern, professional and autonomous state apparatus that ensures a quality implementation of economic programs and provision of public services. In the context of establishing the rule of law, it is important to highlight the message on gaining a trust of not only domestic but also foreign investors. This implies involving foreign judges in resolution of investment disputes in compliance with the best practices of international courts. The foreign political aspect of industrialisation implies increased participation of our economy in world economic relations. Another set of issues is linked with development of our very own model of stability and harmony in the common Kazakhstan house. Finally, the diplomatic service will not stay aside from the mission of building a transparent and accountable state.

Let me share my own perspective on abovementioned topics contained in this issue of the research-analytical journal published by the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan and it is devoted to discussion of modernization of state and diplomatic service.

First of all, all employers of the diplomatic service need to clearly understand that the success of national modernisation largely and directly depends on their professional activity. All favorable external conditions for successful implementation of 'Kazakhstan - 2050' Strategy will be created. Indeed, we have achieved a peaceful cooperation with the external world, provided national security, created comfortable conditions for foreign investors and our country's foreign economic activities, and protected the legitimate interests and rights of Kazakhstan and our nationals abroad. Finally, this will influence further strengthening of Kazakhstan's international reputation and reputation of its leader.

The Ministry of Foreign Affairs and its diplomatic representations in 65 countries on five continents once again need to analyze the resources that have not yet been used in order to facilitate institutional reforms in our country. Furthermore, it is important to develop and give concrete practical recommendations for national agencies and business communities on how to enhance their performance. These recommendations should be based on critical rethinking of best foreign experience and practices.

As it was articulated in the discourse initiated by the Head of State, the society is waiting for new approaches to be used by the legislative and judicial branches of power. It is my understanding that the international law and investments experts need to offer for a public discussion a transparent and proven scheme of resolving investment disputes that are in compliance with international practice and at the same time do not compromise national interests.

One of the main priorities of our diplomacy is to ensure that needs of a society as a whole and needs of every national of Kazakhstan in particular are met. In this regard, the Ministry will continue its course aimed at transparency, openness for a dialogue with the public and cooperation with the third sector. The process of provision, by the Ministry and its representations overseas, of 11 types of public services to individuals and legal enteritis will remain under close supervision. It is therefore important to increase the responsibility of consular services and their management for the quality of provided services, establish effective channels of feedback from recipients of these services.

The Committee of International Information at the MFA should play an instrumental role in delivering up-to-date information about these institutional reforms, especially to the foreign audience.

I strongly believe that one of the main priorities of the Ministry's work is focused on HR management that is based on the principles of meritocracy in selecting and promoting the personnel. This work should also attach a paramount importance to development of a pool of

state servants that have advanced skills and solid professional background as well as finding talented and gifted individuals suitable for this service. It is therefore crucial to ensure quality career planning as well as strengthen disciplinary and ethical supervision.

Quality improvement of human capital of state servants – diplomats directly depends on the efforts made by the Institute of Diplomacy team at the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan. Our Ministry has been always supporting its efforts. Many Institute alumni successfully work in the sphere of international relations and are in fact the employees of Kazakhstan's diplomatic service. I hope that the Institute will further support our employees throughout their career by satisfying their needs for personal and intellectual development via the diplomatic training courses.

Дата поступления статьи в редакцию 8.04.2015